

Талдықорған облысында қант қызылшасын өсіруге герман технологиясын алу мен өндіру жөніндегі инвестициялық жобаны жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 8 ақпандағы N 138

Қазақстан Республикасының қантқа мұқтаждығына, оны өндіру үшін материалдық ресурстардың жетімсіздігі мен тиімді технологиялардың болмауына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Талдықорған облысында 10 мың га жер алаңына қант қызылшасын өсіруге кешенді технологияны енгізу жөніндегі Талдықорған облысының Н.Алдабергенов атындағы ұжымдық шаруашылығы мен "Лемкен КГ", "Аккорд" және "КВС" герман фирмаларының арасындағы жалпы сомасы 44,6 млн. (қырық төрт миллион алты жүз мың) неміс маркасына контрактылар жасауы дұрыс деп саналсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Эксимбанкі жобаға сараптау жүргізіп, жобаны басым мәнді жобалардың индикативтік тізбесіне енгізу және кейін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін оның нәтижелерін 1995 жылдың 15 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

3. Контрактыларды қаржыландыру Германияның қолданылып жүрген кредит желісінің шеңберінде жүзеге асырылсын.

4. Н.Алдабергенов атындағы ұжымдық шаруашылық:

1995 жылдың 5 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстанның Эксимбанкіне кредитті өтеу жөніндегі кепілді міндеттемелермен бірге кредитті пайдаланушы - кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесін тапсырсын;

сақтандыру жарналары мен аванс төлемдерін төлеудің, негізгі қарыз бен кредитке тартылған барлық қосымша шығындарды өтеудің көздерін айқындасын.

5. Н.Алдабергенов атындағы ұжымдық шаруашылық бас импортер мен кредит алушылардың міндеттемелері жөнінде жауап беруші болып белгіленсін.

6. Тартылған кредит бойынша үкімет кепілдігін беру белгіленген тәртіппен жүргізілсін.

7. Қазақстанның Эксимбанкі:

аталмыш жоба бойынша герман банкімен жеке кредит келісімін жасасын;

жобаның сараптау нәтижелері мен кредитті өтеу және оған қосымша барлық шығындарды төлеу көздерін айқындауды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мақұлдауы кредит келісімінің күшіне енуінің шарты болып табылады деп белгіленсін;

кредитті өтеу бойынша төлемдер жасалмау қаупі пайда болған жағдайда жобаны

кредиттеуді тоқтата тұруды қоса алғанда, берешектің төленуін қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдауға рұқсат етілсін.

Үкімет шешімін талап ететін барлық мәселелер бойынша

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінде қарауға дер уақытында ұсыныс енгізісін.

8. Н.Алдабергенов атындағы ұжымдық шаруашылық Қазақстанның Эксимбанкiмен кредит келісімін жасасын.

9. Жобаның жүзеге асырылуын және кредит бойынша дер уақытында төлемдердің жасалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Талдықорған облысының әкіміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі